

«Арқалық политехникалық колледжі» КМКК



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Андрей

Карбозов А.К.

«09» 11 2013 ж.

«Заманауи жас маман – 2024» колледж ішлік байқауының ЕРЕЖЕСІ

Осы ереже колледжің оқу – әдістемелік жоспарына сәйкес, «Заманауи жас маман – 2024» байқауының негізгі мақсатын және міндетін анықтайды. Байқауға қатысушылар өздерінің педагогикадан әдістемеліктен білімін, тәжірибе жүзінде инновациялық технология бойынша жоғары білім деңгейін көрсетуі қажет. «Заманауи жас маман – 2024» байқауы ақпан айының 28 жұлдызында өтеді.

Байқау мақсаты:

Жас оқытушылардың біліктілігін, жан-жақты өз кәсібінің шебері екендігін сыйнау арқылы, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға бар күш жігерін жұмысайға баулу.

Байқау міндеті:

- Кәсіби педагогикалық, шығармашылық қызмет жасайтын жас оқытушы анықтау;
- Өз білімін үздіксіз көтеруі жаңа технология үрдістерін менгеруі;
- Мінез-құлқын тәрбиенің барлық принциптеріне бағындырып, өзіне тапсырылған жұмысты абырайлы да нәтижелі орындауы;

Байқауға қатысушылар

Байқаудың талаптарына сәйкес, ережеде көрсетілген талаптарды орындау қажет. Байқауға колледждің жоспарға жас оқытушылары қатысады.

Байқаудың мазмұны:

Оқу үрдісін жандандыру, педагогикалық инновациялық тәжірибе жинақтап тарату, оқытудың әдістерімен тәсілдерінің пәнді игерудің тың технологиясын іздестіру, білім алушылардың білім деңгейін, оқу ынтасын, белсенділігін арттыруды тәжірибеде іске асыратын, шығармашылықпен, ғылым мен тәжірибе тоғысында заман талабымен жұмыс жасайтын, білім беру жүйесін дамытуға ықпал ететін дарынды оқытушылар анықталады.

«Жас маман» мектебі - колледждің әдістемелік құрылымының бір бөлімі. Жоғарғы (орта арнаулы) оқу орнын бітірген жас мамандар үшін колледждегі алғашқы 3 жыл тәжірибе жинақтау жылдары болып есептеледі. Бұл жылдардың мақсаты: колледж құжаттарымен жұмыс істеуге, теориялық білімді практикада колдана алуға машиқтану және білім алушымен тәрбие жұмысын жүргізу біліктіліктерін дамытуға; техникалық құралдарды колдану мен білім алушыларды белсендіру әдістерін және озат тәжірибелі оқып – үренуге; жас оқытушының кәсіби шындалуына бағытталады. Бұл үрдіс арнайы ұйымдастырылуы, басқарылуы тиіс. Тәжірибе жинақтау жұмысының формалары: тәлімгерлік; семинарлар; жас мамандар апталығы; жеке ақыл – кеңестер т.б.

Сайыстың барлық кезеңдерінде әділ қазылар алқасы сайысқерлерді бағалайды:

- кәсіби шеберлігін
- оқытушы жұмысының жүйесін
- оқытушы әрекетінің тиімділігі мен нәтижелігі жеке қасиеттері (педагогикалық көкейкөздігі, сұрып салмалы, ұйымдастыруышылық қабілеттері және жаңашылдығы қаралады, 1 - 5 баллдық бағамен бағаланады)

Әділ қазылар алқасы колледж әкімшілігінен құралады.

Әділ қазылар алқасының құрамы:

Әділқазылар алқасының төрағасы: Карбозов А.К. – колледж директоры

Әділқазылар алқасының мүшелері: Крыжанова И.В. – директордың оку –ісі жөніндегі орынбасары

Жайлаубаева Г.М. – директордың оку –өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары

Жиенбаева С.А. – әдіскер

Байқау 3 кезеңнен тұрады.

«Заманауи жас маман – 2024» байқауының бағдарламасы:

I кезең. Визитка. «Мен және менің педагогикалық қызметім, ұстанымым». (5 мин). Бұл сайыста байқауға қатысушы өзі туралы және өзінің қызмет атқаратын ұжымын қызықты етіп таныстырады. Бұл сайыс қатысушының қалаған түрінде жүргізіледі(қатысушы ән айту, өлең оку, көрініс, видео т. б өзінің ізденісіне байланысты таныстыруына болады, педагогикалық ұстанымына, әдістемелік тақырыбы қамтылған электронды портфолиосы қосылып тұруы қажет) және ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс.

Байқауға қатысушы оқытушының шығармашылық вититкасы төмендегідей олшемдер бойынша бағаланады:

- өзектілігі, білім берудің заманауи талаптарына сай болуы;
- таныстырылымның анықтығы, қисындылығы;
- материалдың әдістемелігі;
- оқытудың жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдануы;

II кезең. «Мениң инновациялық сабакым». Сабак панорамасы. (сабактан үзінді 7 минут) Бұл кезенде сайыскерлер өзінің сабакының бір кезеңін көрсетуі шарт яғни сабактың ұйымдастыру кезеңі, жаңа материалды түсіндіру кезеңі, бекіту кезеңін немесе сабактың басы, ортасы, соны. Сабак берудің әдістемесін ұсыну, қорғап шығу.

Байқауға қатысушылар оку жоспары мен бағдарламага сәйкес тақырыпқа жаңа технология элементтерін пайдаланған әдістемелік, дидактикалық материалдарымен кәсіптік шеберлігін және шығармашылық қабілеттерін анықтайтын тапсырма түрлерімен дайындаған бір тақырыпқа құрылған сабак жоспарының толық нұсқасын әділ казылар алқасына ұсыну.

Байқауға қатысушы оқытушының пән бойынша беретін панорамалық сабағы төмендегідей олшемдер бойынша бағаланады:

- өз пәнін жетік білуі, эрудициясы, педагогикалық әдеп;
- педагикалық және әдістемелік шеберлігі;
- оқытудың қазіргі технологиясын пайдалануы, сабактың жаңашылдығы;
- -сабактың мақсатының қойылуы (нақтылық, дәлелділік, қолжетімділік, олшемділік).
- тақырыптың толық ашылуы, әдістемелік әдістердің ерекшелігі, ғылымилығы;
- педагогтың ақпарат көздерінің түрлі нысандарын пайдалануды ұйымдастыру қабілеті;
- оқушылардың ынталасы мен белсенділік іс-әрекетін жоғары деңгейде ұйымдастыра білу қабілетіне арналған тапсырмалардың жүйелігі;

III кезең. «Өнерлінің өрісі кең».

Бұл сайыстың мақсаты қатысушының шығармашылық қабілетін, өнерге бейімділігін ашу. Сайыскер өз қалауына қарай ән айтуы, би билеуі, көркем сөз оқуы, юмор немесе ерекше жанрлар арқылы өз өнері мен шығармашылық қабілетін көрсетеді (ұзақтығы 3 – 5 минут).

Бағалау критерийлері:

- кәсіби шеберлігі;
- жан –жақтылығы;
- шығармашылығы;
- ұйымдастырушылығы;

Байқау қорытындысы және женімпаздарды марапаттау:

Байқау женімпазына «Заманауи жас маман -2024» атағы беріледі, I, II, III дәрежелі дипломмен, «Шығармашыл оқытушы», «Жаңашыл оқытушы», «Зерттеуші оқытушы», «Ізденімпаз оқытушы» номинациясы дипломымен марапатталады.

«Заманауи жас маман -2024» байқауын өткізу әдіскер Жиенбаева С.А. жүктелсін.